

10. Т.И. Инсенбаев Военное искусство кыпчаков в эпоху средневековья.- Павлодар: ПГУ им. С.Торайгырова, 2003. – 153с.
11. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. Морфология. Изд-во «Наука» Каз.ССР.- Алматы, 1966. – 449с.
12. Нурланова К. Человек и мир. Казахская национальная идея. – Алматы, 1994. -298с.
13. Кусаинов Ш. Казахи. Книга о великих ханах, кровавых битвах, предсказаниях и законах. - М., 1998. 52с.

Түйіндеме

Бұл мақалада «Аттың түсі» ЛСТ мысалында «Қара - ақ» бинарлық оппозициясындағы қазақ және орыс халқының әлем танымы қарастырылады.

Resume

The article deals with contemplation of kazakh and Russian people in colour designation of binary opposition «Black- white» on the example of LSG «Colours of horses».

ӘОЖ 82.09:8217 512.122

Қ.АМАНЖОЛОВ ДӘСТҮРІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛІ СӨЗ ҮЛГІЛЕРІ

Қ.М. Қалиева

Қарағанды «Болашақ» университеті

Өлең ақын жүрегінен сыртқы әсерлердің нәтижесінде туады. Ол – ақынның өмірден алған әсері мен сезімнің материалдық көрінісі, сөз кестесіне түскен өрнегі деуге болады. Қарапайым адам өз сезімін танданып-тамсана отырып басқа адамға айтып берумен ғана шектелсе, ақын іштей толғаныс, эмоциялық серпін арқылы туған шығармасымен баяндап береді. Шындық болмысты суреткер өзінше қабылдап, ол туралы өзінше ой қорытады. Шынайы шығарма өзек болмақшы түйсік өз формасын іздейді. Сезім материалдық бейнеге айналу үшін ақын қиялын өлең пішінімен дүниеге келеді. Ол қарадүрсін ғана баяндай салынбайды, көркем де нақышты болуы ойластырылады, осы орайда сөз шеберінің халықтық тіл байлығын қалай меңгергендігі сынға түседі. Тіл өзінің ғырлар бойы даму, қалыптасу процесіне ой мен сезімді образды етіп

берудің амал-тәсілдеріне ие болды. Сол шексіз иірім шеберлігінің үлгісіне сүйенген ақын өз зердесі арқылы небір сөз маржандарын шығармасына пайдаланып, көркем бейнелеу синтезін жасайды.

Т.Айбергенов, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, К.Мырзабеков, С.Ақсұңқарұлы да Қасымның дәстүрін жалғастырып, дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра білген, өлең-жырларында қазақтың оралымды бай тілінің көркемдік құралдарын мол да шебер пайдалана алған тіл қолданыстары ерекше ақындар. Бұл ақындардың поэтикалық тілі бүкіл бір әлем деуге болады, олардың өлең жүйесі немесе өрімі болсын, ырғағы мен ұйқасы, бунағы мен буыны болсын, яки ажарлау, айшықтаулары болсын, бәрі де тек аманжоловтық сипатта құбыла құлпырып тұрады. Мұның бәрі Қасым өлеңдеріндегі көркемдегіш-бейнелілік құралдардың қолданылуын жетік меңгеріп, ақын поэзиясындағы бейнелілік мәселесіне шұқшиып - оның поэзиясында суреттеу амал-тәсілдерінің қаншалықты, қалайша дамығандығын назарда ұстап, өз өлең-жырларына үлгі қылып алғандығы, яғни суреткерлік шеберлік жолында тынымсыз және талмай ізденген ақындардың алып әрекетінің нәтижесі.

Ақындардың тіл байлығының өлшемін аңғартатын фактордың бірі, тіл білімі ғылымында ерекше зерттелген категория – синонимдер. Синоним сөздер жазушыға шығармасын әрлендіріп, неғұрлым тартымды, көркем етіп беруге көмекке келетін құрал.

Қ.Аманжолов ақындық өнерге өте жауапты қараған. Айтам дегенін жеткізіп, өткір, терең және тұжырымды да шебер айта алған адам. Қ.Аманжоловтың «Талғар» дейтін өлеңін тұтас келтірейік:

Түксиіп қабақ түйіп, бұлт үстінен,
Даланың патшасындай қарайсың сен,
Не деген ызғарлы едің, тәкаппар ең
Басқандай бар әлемді сенің еңсең,
Тау жоқтай бұл дүниеде сеннен артық,
Мен саған қарай бердім көп құмартып.
Қайтер ең қаһарлы хан, кәрі Талғар
Бойыңнан өрлігіңді алсам тартып [1, 169].

Осындағы «түксию», «қабақ түю», «ызғарлы», «тәкаппар», «өр» дегендердің бәрі синонимдер. Осы тәрізді Қ.Аманжолов С.Мұқановқа арнап жазған «Сәбитке» деген өлеңін де тұтас келтіріп көрейік:

Ішімде жанар таудай жатыр жырым,
Ұшқындап, іште қайнап сұрапылым.
Көре – ақ соның бұрқап атылғанын,
Жаңғыртып жан түкпірін, ойдың шыңын,

Өлеңнің қаптарармын отты селін,
Толассыз топанандай ертегінің,
Білерсіз кім екенін сонда, Сәке,
Бұл күнде от шайнаған тентек інің [1, 100].

Бұл жолдардағы «ұшқындау», «қайнау», «сұрапыл», «жан түкпірі», «ой шыңы», «бұрқау», «атылу», «жаңғыру», «қаптану», «отты сел», «толассыз топан» дегендердің бәрі өлеңге қатысты айтылған мағынасы бір, мәндес сөздер – синонимдер.

Жүмекен де мағынасы ұқсас, мәндес сөздерді қолдану тәсілін Қасымнан жетік меңгерген ақын Оның өлеңдерінде де бір тармақ не тұтас шумақ ішінде синонимдер қатар келіп отырады. Сөйтіп, өлеңдегі шынайылықты онан әрі арттыра түскендей. Мысалы:

1. Неткен ғажап, тұрмыс сенің мұқтажың,
Неткен сенің қамың тіршілік!
2. Сендерге айтам, сәби-адам, бала-адам.
3. Бейтаныс жер, бедеу топырақ, жат алап.
4. Сабырлы, салмақты оймен ағад Тобыл
Қазақтың қара өлеңі секілденіп [2, 192].
5. Дей алмаймын қарық қылам, көп берем.
6. Қайғы жаңа, жаңа мұң жаңаруға бар әлім
7. Бай-бай еді,
Әулетті ед бір текті
8. Сөз іздесең мағыналы, бағалы,
Босқа өзіңді қамшылама, сабама [2, 193].

Синоним сөздердің орынды қолданылуы Жүмекеннің алдыңғы айтқан ойын дәлелдей, орнықтыра, оқырманға тереңірек ұғындыра түскендей қалыпты байқатады. Кейде синоним сөздердің бірі тіркестің басында келсе, екіншісі – аяғында, енді бірінде мәндес сөздер жалғаулықтар арқылы байланысқан бірыңғай сөйлем мүшелері болып қатар түзейді. Бірде эпитетпен тіркесу арқылы іргелеседі.

Сөзді қиюластыру кірпіш сияқты шеберлікті керек етеді. Шебер сөйлеудің бір ұшы, синонимдерді талғап, орнымен лайықты жымдастырып жұмсай білуінде. М. Мақатаев та Қ. Аманжолов сияқты көп біледі екенмін деп басқа–көзге төпеп үйе бермейді, синоним сөздерді белгілі мақсатты ашу үшін аса сақтықпен, орамдылықпен қолданады. Мысалы:

Шындық көзге шұқиды қашаннан да,
Шыбын жанның шындықтан қаша алған ба?

Ар ақиқат үкімі жасалғанда,
Қолға түсер ноқтаусыз асулар да.
Қолға тұрар қулар да, зұлымдар да,
Ат жалыннан мал тапқан жылымдар да.
Арамзаны, ұрыны жұлып түспей,
Ақиқаттың алмасы суынған ба? [3, 146]

Алғашқы шумақта қолданылатын «шындық», «ақиқат» - өзара мәнделес сөздер. «Шындық» сөзі жалпы халықтың тілінде жиі қолданылатын сөз болса, «ақиқат» әдеби тілде бірлі-жарым сөздермен ғана тіркесіп айтылады. Ақын осы өзара мәнделес сөздерді ұтымды қолдана отырып, алдына қойған мақсатына жете алған. Екінші шумақтағы «қулар», «зұлымдар», «жылымдар» - қоғамдағы әртүрлі ісімен бүлік жасап, бүлдіріп жүрген екі жүзді, түлкі мінезді жандар. Ақын синонимдік қатарлар арқылы тұтас типтік бейне жасаған. Бұл да болса Қасым әсері, оның стилінен үйрену нышандары деп батыл айта аламыз. Себебі Қ.Аманжоловтың «Нар тәукел» өлеңі де дәл осы стильде жазылған болаты.

Жығылам деп жүре алмаймын жәй басып,
Жүгіремін киіп – жарып, айқасып.
Мүлги берсін, ілби берсін қорқақтар.
Іш пысырып, жалт – жалт қарап, жәй басып [1, 96],-дейді.

Осы жолдардағы сөздер біріншіден, Қ.Аманжоловтың сөз қорының молдығын танытады. Өйткені мұнда мәнделес сөздер, басқаша айтқанда синонимдер мол қолданылған. «Жүгіру», «киіп - жару», «айқасу», «мүлгу», «ілбу», «іш пысыру», «жәй басу» - күллісі мәнделес, синоним сөздер. Әдетте ақын – жазушылар синонимдерді сөз қайталаудан қашқан уақытта қолданады. Соның өзінде синонимдер жеткізе алмай, бір өлеңде бір шумақта, кейбіреуі тіпті бір жолдың өзінде бір сөзді қайталап қолданып жататыны болады. Ал Қ.Аманжолов та, оның стилінен үйренген Жүмекен де, Мұқағали да синоним сөздерді жеткізе алмай жатқан жоқ, қайта тасып-төгіліп, төпеп қолданып жатыр. Синонимдерді бұлайша төпеп, көптеп қолдану Қ.Аманжоловтан бастау алып тұр.

Жығылсам да жүгірумен өтемін,
Аяңшылдық ақылып мен не етемін.
Жығылармын, алқынармын, шаршармын,
Барар жерге бұрынырақ жетемін [1, 96].

Мұндағы «жығылармын», «алқынармын», «шаршармын» дегендер - синонимдер. Ал К.Мырзабеков «Қырық жаста келіншек» атты өлеңінде әйел

бейнесін барлық қырынан ашып сипаттауда өзара мәнделес «қырау», «қылау», «бозқырау» және «тону», «тоңазу» синонимдерін қолданған. Мысалы:

«Қырау, қылау, бозқырау шалығына
Бұл жаста әйел үсімес, ұрынбас та...,
Бұл жаста әйел болғанымен қанша нәзік,
Үйренеді сәл тоңып, сәл тоңазып» [4, 143]

М.Мақатаев «Қуанайын» өлеңінде:

Қуан дейсің,
Ал, енді қуанайын.
Қуаныштан қолыма ту алайын,
Шаттан дейсің,
Ал, енді шаттанайын,
Шаттанайын,
Шарқ ұрып мақтанайын [3, 152].

Мұнда «қуану», «шаттану» секілді жағымды мағыналы, адамның қуанышты көңіл-күйін білдіретін синоним қолданады. Екінші синонимдік сыңарға қарағанда алғашқы сыңардың салмағы басым көрінеді. Сондай-ақ, ақын өз ойын үдемелетіп береді. «Қуан десең, ал енді қуанайын», «Шаттан десең, ал енді шаттанайын» сияқты күшейткіш қайталама пайдаланып, күшейту мәнін үстейді.

Қ.Аманжолов поэзиясынан нәр алып қалыптасып, өсіп дамыған К.Мырзабеков шығармаларында кездесетін синонимдерді зерделейтін болсақ, Қасым ауылынан келгендіктерін айғақтайтын синонимдерге кездесеміз. К.Мырзабеков Қ.Аманжоловша ойды нақтылай түсуде өзара мәнделес, мағыналас сөздерді мықты шеберлікпен өлеңнің бір тармағында немесе бірнеше тармақтарында ұтымды қолдана алған. Мысалы:

Алқынып асығыс аптыққан демін баса алмай,
Өрге ағып кетсе, өзендер таудан асардай. [4, 6].

Сосын сескеніп, сақтанып,
Судай тазарып, сүттей ақталып,
Жұртқа сыртынан сұқтанып,
Жанасып кетуге шақ қалып.

Аяқ табақты аралас ұстап,
Тату да тәтті құтты боп ірге... [4, 33].

Қайғысыз – қамсыз күндердің,
Қайғығанда сонда жүзерсің.
Кіршіксіз, кірсіз гүл көрдің,
Үзбессің мүмкін үзерсің. [4, 54].

Шуылымен, шуымен алдамаған
Ақ махаббат бары рас, шын екен ғой. [4, 69].

Шын ләззат күтемін тағы сенен,
Шын рахат күтемін тағы сенен. [4, 70].

Қ.Аманжоловтың өлеңдерінің жеке жолдарда кездесетін «Тасып, шалқып өтемін осы сертім», «Күле бер, шалқып, сайрағанда», «Ойнатып, еркелетіп мен жетімді», «Қайратымды үңгіп, қуыстап», «Сескену, қорқу дегенді», «Өтті ғой, кетті қыс», «Кеуде қаусап, жан қаталап», «Жалтақтап, жалпақ дала, қарай бердің», «Сықылды сынып, құлап аққан жұлдыз» тәрізді көптеген синонимдері Т.Айбергеновтің «Армысың, сарқылмасым, таусылмасым» [5, 143], «Жұмылғанша, сөнгенше қарашығым» [5, 140], «Жартасты жақын тартып сыңар жандай, Өбесің, аймалайсың шыдам қалмай» [5, 138], «Қаншама мені сағынтып, Қаншама мені аңсаттың» [5, 42], «Жоғарыда тұрған қандай жақсы еді, О, биіктер, түскім келмей тұр менің» [5, 20], «Қайғы, азап – бәріне де ар көніп» [5, 126], К.Мырзабековтің «Балалық – бейкүнә сәт, періште сәт» [4, 154], «Серігі ғой өкпе-наз, нала-мұным» [4, 149], «Сырғақтамай, сырғымай қарсы аламын Тағдырымның сыбаға-сынақтарын» [4, 147], «Тағдырдың желі кеткен жоқ па екен, Байламын үзіп, баянын отап» [4, 146], «Қыз бойжетіп, ұл да тұр ержетіп, [4, 143] т.б. синонимдерімен үндесіп жатыр.

Бұл үндестік ақындардың сөз қорының молдығын, айтайын деген ойларын қысылмай, қымтырылмай, сөз жұтаңдығына ұшырамай, молқол жомартша қолданатындығын танытса, екіншіден ақындардың мақсаты, айтайын деген ойды біртіндеп биіктету, ол үшін сөзді қаланған кірпіштің қатарындай етіп біртіндеп көтеру, өрмелете, бірінен-бірі асыра жарыстыра, өршіте жалғастыру. Сонда ой өршіп, бірінен-бірі асып даму үстінде, қимыл үстінде көрінеді. Екіншіден, сөз де сол мақсатқа бағынып, даму, қимыл үстінде, құйындай ұйтқып, ұршықтай ойнап, шиыршық атып, ғажап эмоциялық әсер тудырады, мағына үстемелеп, біртіндеп өсіп, биіктей түседі.

Сонымен, көркем шығармада синонимдерді, мәндес сөздерді қолдануда көп мән бар. Олар сөз төркінін, сөздің мән-мағынасын, күллі қырын танып, орнымен қолданған жерде шығарманы ажарлап, әрлендіріп, көріктендіріп жібереді. Ал бір мағынаны білдіретін он сөз ойлап, оның өзіне ең қажеттісін, ең қонымды, үйлесімдісін танып, таңдап алып пайдалану – ақындық шеберлік.

Ақындық шеберліктің қыр-сырын Қ.Аманжоловтай жетік меңгерген Төлеген мен Жүмекен де, Мұқағали мен Кеңшілік те ерекше дарынды ақындар деп танимыз.

Көркем шығармада сөз қолданудың тағы бір тәсілі – үні, естілуі жағынан біркелкі, бірақ мән-мағынасы басқа-басқа – омоним деп аталатын сөздер. Егер синоним сөздер де бір ойды бірнеше сөзбен жеткізуге болатын болса, омоним сөздер де дыбысалуы, айтылуы бірдей, ал, мағынасы басқа-басқа болып келеді.

Қ.Аманжолов өз шығармаларында омонимдердің өлеңге динамикалық қуат беріп, оның сезімге әсерлілігін молайту, ойды динамикалық күйде көрсету мақсатында қолданған:

Отыр ма екен жан жарым,
Жатыр ма екен жан жарым?
Толған айдай дидарын
Көрмегелі жыл жарым [1, 35], -

деген шумағында омоним мен антоним қатар жұмсалып тұр. «Жарым» сөзі - омоним болса, «отыр ма екен – жатыр ма екен» - антоним болып тұр. Бір шумақта омоним мен антоним тәсілін қатар қолдану Қ.Аманжоловтың тағы бір ерекшелігі.

Қ. Аманжоловтан тағы бір өте қызықты мысал:

Күн болса, күн нұрымен бірге балқып,
Түн болса, самалда бір тонар ма едік [1, 56],-

осы екі жолдағы сөздердің лексикалық құрамында әрі омоним, әрі антоним сөздер бар. Мұндағы омонимдер бірінші жолдағы «күн» деген екі сөз. Мұның біріншісі «күн» деп жазылғанымен, мағынасы «күндіз». Ал екінші күн - кәдімгі көктегі күн. Талассыз, омоним сөздер. Ал осының «күндіз» мағынасындағы біріншісі «түн» деген сөзбен антоним болып контраст жасап тұрғандықтан, бұл екеуі «күн - түн» болып мерзімдік қарама-қарсылықты білдіріп, «қалай болғанда да » деген сияқты шарттылық мағынаны да беріп тұр.

Енді Ж.Нәжімеденов поэзиясына жіті зер салып қарайтын болсақ омонимдерді аз да болса шебер қолданғандығы байқаймыз.

Ойы үшін сәт бар ма, жаза бар ма,
Жаза болса дәл мені жазаландар.
Өршіл үні өмірдің ұқпағандай,
Өлең жаздым қайғыға, қазаға арнап [2, 34].

Бұл үзіндіде «жаза» деген сөз бірнеше рет қайталанып келген де, өзіне «жаздым», «қаза» деген сөздерді ілестіріп шыққан. Мұнда «жаза» екі мағынаға ие болып тұр. Біріншісі – кінәлау, айып тарту; екіншісі – қағаз бетіне жазу. Мұндағы омонимдердің ерекшелігі, біріншіден, үндестік арқылы өлеңнің сәнін келтірсе, екіншіден, ой контрастылығын тудырған. Ж.Нәжімеденов ақын ойын ашық айтқанда немесе ол ойды жазғаны үшін жазаланатын болса, оған төтеп беретіндігін, тіпті өршелене өлең жазатындығын айту үшін дәл осындай омонимді өте орынды қолданған.

Аппақ қой сақалыңыз,
атажан-ау,
Ешкімге ағын адам сатпайды ғой [2, 94].

Мұндағы «аппақ» және «ағын» деген сөздер бір түбірден туып тұр. Бірінші «ақ» - түсті білдірсе, екінші «ақ» - ар деген мағынаға ие. Бұл өлеңнің аты – «Қымыз сатушы». Ақ сусынды яғни қымызды сатып отырған сатушы – ақ сақалды қария. Өлеңді тұтастай оқығанда тиын есептеген қытымыр шалдың бейнесін көреміз. Ақын өлеңдегі негізгі ойын жоғарыдағы екі жолмен түйіндеген. «Аппақ сақал мен арды сатуға бола ма» деген сұрақ «ақ» деген сөз арқылы шебер жасалған контрасты ойдан ұғынылып тұр. Қ.Аманжоловта «Сауыншы жеңгейдің жыры» атты өлеңінде жеңгенің көңілінің ақтығын сүтке теңеп және оның сауған сүтін ақ телегей теңізге теңейді. Осындағы «аппақ» сөзінің түбірі «ақ» сөзі.

Ақ телегей,
Сауған сүтім теңіздей,
Сол сүттей ақ,
Көңілі аппақ жеңгемнің [2, 51]

Екі ақынның да өлеңінде кездесетін «ақ» сөзінің қадір-қасиеті оқушы сезімінде ерекше әсер қалдырады.

Ой көркемдігін, пікір дәлдігін арттыратын поэзиялық шығармаға поэтикалық күш-қуат беретін компоненттің бірі – антоним сөздер. Антоним бір-біріне қарама қарсы мағынада қолданылады.

Қ.Аманжоловта антоним сөздерге негізделіп жазылған тұтас өлеңдер де бар. Мысалы, оның «Күлемін де жылаймын» дейтін өлеңі тақырыбынан бастап, түгел антоним сөздерге құрылған. Мұнда антоним сөздер өлеңнің мазмұнының өзінде іштей образдылық контраст жасап, рельефтей жарысқан егіз, қарама-қарсылық жүйе ақын ойын, оның көңіл күйінің бір толқынын өнер айнасына түсіріп, өмір шындығын өнер шындығына айналдырған. Өлеңде «ішкенге мас, жесе тоқ» секілді төркіні халықтық мәтелмен қатар,

«Күле білмес қуыршақ, жылай білмес ақиқат» тәрізді афоризмдерге лайық авторлық жолдар бар. Ал осы жолдардағы ой, мағына тереңдігі, қабат – қабат образ дегендер ғажап. Мысалы осы соңғы жолдарды талдап көрелік:

Күле білмес қуыршақ
Жылай білмес ақиқат [1, 92].

Бұл жолдардағы «күлу» мен «жылау» тәрізді антонимдерді былай қойып, «қуыршақ» пен «ақиқаттың» астарына біраз ой жіберейік.

Қуыршақ - жас баланың ой-қиял елесінде ғана өмір сүретін жансыз нәрсе. Ақынның айтып отырғаны осы қуыршақ па? Жоқ. Оның айтып отырғаны - «жесе тоқ, ішсе мас», өзінен өзге қуанышы да, қайғысы да жоқ, жанды қуыршақтар. Ал ақиқаттың жылай білмеу себебі қалай? Себебі сол ақиқат арандатпайды, жарға жықпайды. Сондықтан ақиқат жыламайды, қайғырмайды. Егер ақиқатқа арқа сүйесең, тізгініңді соған берсең, қайғының көрінісі - жылау сізге де жат. Ал осы кімге де болса ой салар, терең тебіренер жолдарды ақын афоризмдей етіп өте шебер қиыстырған.

Ал Ж.Нәжімеденов шығармашылығында да антоним сөздердің ерекше орны бар екен. Қ.Аманжолов тәрізді ол да бір шумақтан, төрт тармақтан тұратын мына бір өлеңін тұтастай антоним сөздер арқылы жазған.

Кезектесіп бір қуаныш, бір қайғы,
Бірі сипап, бірі жанды тырнайды.
Бірі жыртып, бірі жамап кеудемді,
Осы жасқа аман-есен келгем-ді...[2, 48]

Қ.Аманжолов антоним сөздерді нақыл сөздей қылып үйлестіріп қолданса, Ж.Нәжімеденов антоним сөздерді үлкенді-кішілі өлеңдерінде әр түрлі орын тәртібімен келтірген. Мысалы өлеңнің екі тармағының басында келетін түрі:

Түн болсам да көрер ем тек бір бетін
Күн болсам да көрер ем тек бір бетін [2, 79].

Ұяң бол – гүлін көріп бұл өлкенің,
Қайсар бол – дауыл күнгі көр де еменін [2, 30].
Ол жүгің... күліңіз Жер, жылаңыз, Жер, [2, 33]

Қарсылық мәндегі екі сөз тармақтың басында немесе сол тармақтың аяғында келеді:

Тау түнерді – мен де, міне, түнердім,
Су күледі – мен де қазір күлемін
Бұлт жылайды – мен де жылай білемін [2, 42]

Антонимдер бір тармақта қатар келетін түрі:

Түн. Ашық түн, тымық түн,
Өзіңе көп ұқсап туыппын [2, 42].

Білемін: шаттық не, қайғы не,
Шындықты жасаған елестен; [2, 51]

Антоним сөздердің біреуі бірінші тармақтың ортасында, екіншісі екінші тармақтың басында келетін түрі:

Қасықтап жиған жырыңды,
Төгер ме ең, ақын, шелектеп! [2, 52]

Ж.Нәжімеденовтің өлеңдеріндегі антоним мағыналарын тағы бір бағдарласақ, кейбір шумақтардың мақалға айналып тұрғанын байқаймыз. Олар жаттап алуға, ойға түюге өте ыңғайлы-ақ. Әр шумақта ұлағат, өнеге беретін мазмұн бар. Ол антонимдер арқылы жүзеге асырылған. Ақын қарам-қарсы мағынадағы сөздерді жақсы пайдаланған.

Ер тыңдаса – екіліне тасыған,
Ез тыңдаса – ежегейдей жасыған [2, 83].

Мұнда өлең тақырыбы ән туралы. Ақын әннің қасиетін, оның адам сезіміне тигізер пайдасын, соның ішінде адамгершілігі мол жандар мен моральдық қасиеті төмен адамдарға екі түрлі әсері болатынын шыншылдықпен түсіндіреді.

Ой айқындығы, сөз көркемдігі, дәлдік мақсатында К.Мырзабеков те антонимдерді қолдану кезінде эмоциялық әсер мақсатын көздеген. Біздің бұл пікірімізді ақынның:

Лап етіп жанып, Лып етіп сөніп,
Лықсиды жүрек бозбала денем! [4, 12].

Дәм – тұзың көтеріліп бір–ақ түнде
Сен кеттің алды – артыңа қарайламай. [4, 47].

Мінезден табады Адам дос та, жау да,
Табады кейде бейнет – басқа сауда. [4, 63].
тәрізді өлең жолдары дәлелдейді.

Бұдан шығатын қорытынды синонимдер, омоним сөздер мен антонимдер, өнерде сөз ойнақылығын жасайтын оның бір ғана жылтырақ бояуы, жәй бір деталь ғана емес, қолдана білсең, өнердің өзегі, тіпті өзегі емес, өзі екен. Мәселе соларды танып, тауып орынды пайдалана білуден деп түйеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Аманжолов Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. -Алматы: Тегри, 2001. -344 б.
2. Ж.Нәжімеденов Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінше том. –Алматы: Жазушы, 2005. -312 б.
3. М.Мақатаев Шығармаларының төрт томдық толық жинағы. Үшінші том. –Алматы: Жалын, 2002. -432 б.
4. К.Мырзабеков Жолға салдым көшімді. –Астана: Елорда, 2001. -208 б.
5. Т.Айбергенов Аруана – бауыр дүние. –Алматы: Атамұра, 2003. -208 б.

Резюме

Автор статьи анализирует мастерское использование языковых средств, таких, как синонимы, антонимы и омонимы в стихотворениях Т. Айбергенова, Ж. Назжимединова, М. Макаева, К. Мырзабекова в сравнении с использованием их в произведениях К. Аманжолова, продолжателями которого являются вышеперечисленные поэты.

Resume

In this article is given the masterly using of the language means such as synonyms, antonyms and homonyms in the poems of T. Aybergenov, Zh. Nazhimedinov, M. Makataev, K. Myrzaliev in the comparison with the using them in the works of K. Amanzholov and also aforementioned poets are his continuers.